

"Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 431 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 3535 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің
16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы

23 қаңтардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшага сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә.Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышиев

Е.Айтаханов

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

Б.Атамқұлов

"Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және облыстың коммуналдық меншігін басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға

сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратай ауданы, Нұрсөт түрғын үй алабы, Астана даңғылы, 10 құрылыш, пошталық индексі 160023.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілермен "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) облыстық бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті дайындау және әзірлеу;
- 2) облыстық коммуналдық меншікті басқару бойынша жұмысты ұйымдастыру.

16. Функциялары:

- 1) облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;
- 2) жергілікті бюджеттердің атқарылуын қамтамасыз ету;
- 3) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттер бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;
- 4) бюджеттік мониторинг жүргізу;
- 5) облыстық бюджеттің атқарылуын бюджеттік есепке алуды жүргізу;

- 6) облыстың жергілікті атқарушы органдының борышын өтеу және қызмет көрсету;
- 7) бюджеттік кредитердің тіркелуін, есепке алғынуын және мониторингін жүзеге асыру;
- 8) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдары белгілеген тәртіпте бюджет есептілігін жасау және ұсыну, облыстық бюджет пен облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ шоғырланған қаржы есептілігін жасау;
- 9) жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің мониторингін жүзеге асыру;
- 10) өз құзыреті шегінде облыстық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеу;
- 11) облыстық коммуналдық мүліктің есепке алғынуын ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 12) облыс әкімдігіне қарасты жұз пайыз акциясымен (үлесімен) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг жүргізу;
- 13) облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіп беру;
- 14) облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 15) облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 16) облыстық коммуналдық мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беруді ұйымдастыру;
- 17) коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне мемлекеттік мүлікті беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 18) "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемелкеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік сатып алушты ұйымдастыру және өткізу;
- 19) мемлекеттік сатып алуштардың рәсімдеріне мониторинг жүргізу.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өзіне жүктелген міндеттері мен функциялары шегінде шешімдер қабылдау;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен жеке және занды тұлғалардан

құжаттарды және ақпаратты сұратып алу, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға ақпарат ұсыну;

3) өз құзыреті шегінде жеке және занды тұлғалардан келіп түскен мәселелерді қарau;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығару.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшысы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының әкілеттігі:

1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын тағайындауды және қызметтерінен босатады.

3) сенім хат береді;

4) заңнамалармен, облыс әкімі мен әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

"Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның әкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының әкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында

оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.